

**ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІК
«ЖАН-НҰР» БАЛАЛАР БАҚШАСЫ»**

**ӨЗІНДІК БАҒАЛАУДАН ӨТУ
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Түркістан қаласы, 2024 жыл

Мазмұны:

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы
2. Мамандар құрамын талдау
3. Тәрбиеленушілер контингенті
4. Оқу-әдістемелік жұмыс
5. Оқу-материалдық активтер
6. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қоры
7. Тәрбиеленушілердің білімін бағалау
8. Педагогикалық ұжымының жұмысына ата-аналардың жауап берген сауалнамаларының талдауы
9. Мамандармен жүргізілген сауалнаманың талдауы
10. Өзіндік бағалау нәтижелерін қорытындылау
11. Қосымша - 1
12. Қосымша - 2
13. Қосымша - 3
14. Қосымша - 4

(01.11.2024 кезектен тыс педагогикалық отырысының №2 хаттамасының)

Көшірмесі

Тақырыбы: Түркістан облысы, Түркістан қаласы ЖШС «Жан-Нұр» балалар бақшасының өзін-өзі бағалауын өткізуге дайындығы туралы.

Мақсаты: Білім беру қызметінің сапасын арттыру бойынша білім беру ұйымы қызметінің тиімділігіне объективті талдау және өзіне-өзі баға беру.

Талқылау мәселелері:

1. 2022-2023, 2023-2024 оқу жылынан бастап 2024-2025 оқу жылының жұмыс кезеңіне мектепке дейінгі мекеменің қызметіне талдау жүргізу.
2. ЖШС «Жан-Нұр» балалар бақшасы өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін комиссия құрамын бекіту.
3. Комиссия құрамының функционалдық міндеттерін бөлу.
4. Өзін-өзі бағалау жұмыс жоспарын құру және бекіту.

Талқыланды:

1. ЖШС «Жан-Нұр» балалар бақшасы меңгерушісі Жамила Искендерова ханым Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы, Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2025 жылға арналған Білім беру мекемелерінің мемлекеттік аттестаттаудан өткізу жоспарына сәйкес ЖШС «Жан-Нұр» балалар бақшасы 2025 жылдың қаңтар айында мемлекеттік аттестаттаудан өтетінін айтты. Меңгеруші Ж.Искендерова мемлекеттік аттестаттауды өткізу және білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалау критерилерімен ұжымды таныстырды.
2. Келесі мәселе бойынша балабақша меңгерушісі өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін комиссия құрамын төмендегідей бекітті:

Комиссия төрайымы: ЖШС «Жан-Нұр» балалар бақшасы меңгерушісі Ж.Искендерова;

Комиссия төрайымының орынбасары: ЖШС «Жан-Нұр» балалар бақшасы әдіскері Ж.Абдукадирова;

Комиссия мүшелері:

ЖШС «Жан-Нұр» балабақша педагог-психолог: Г.Худайбергенова;

ЖШС «Жан-Нұр» балабақша тәрбиешісі: С.Өтебекова;

ЖШС «Жан-Нұр» балабақша медбикесі: А.Оспан;

Шаруашылық бөлім меңгерушісі: Р.Сұлтанбек;

Хатшы: Балабақша әдіскері Ж.Абдукадирова.

3. Комиссия мүшелерінің арасында функционалдық міндеттер бөлінді.
 - МДҰ-да білім беру сапасын талдау, педагог-психолог Г.Худайбергенова;
 - Кадрлармен жұмыс (Педагогтермен, кадрлармен қамту туралы мәлімет, сапалық құрам).

- Тәрбиешілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижесі (біліктері мен дағдылардың диагностикасы; МДҰ-да инклюзивті және ерекше білім беруіне қажеттілігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру).

- Оқу әдістемелік жұмысты ұйымдастыру (оқу жоспарлары мен ұйымдасқан іс-әрекет, тәрбиелеу-білім беру процестінің циклограммалары, перспективалық жоспарлары, вариативтік компоненттер) – әдіскер Ж.Абдукадирова.

- Материалдық техникалық база динамикасын талдау жұмыстарын жүргізу (жиһаз және жабдақтармен, оқу зертханалық және техникалық оқыту құралдармен жарықтандыру туралы ақпараттар жинақтау, бухгалтерлік есеппен сәйкестендіру) – шаруашылық меңгерушісі Р.Сұлтанбек.

- Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры, әдебиеттік қорының болуы туралы есепті ұсыну педагог-психолог Г.Худайбергенова.

4. Мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалау жұмыс жоспары дайындау. Әдіскер – Ж.Абдукадирова өзін-өзі бағалау жұмыс жоспарымен таныстырып, талқылап өтті.

- Комиссия мүшелері мектепке дейінгі ұйымның тәрбие мен оқыту үлгілік оқу жоспары талаптарының сәйкестігін анықтау, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мен үлгілік оқу жүктеменің жоғарғы көлеміне қойылатын талаптарын сақтау бойынша есепті қорытындылап, білім беру ұйымының қызметін бағалау өлшемшарттарын рәсімдейді.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

МДҰ-ның білім беру сапасын арттыру бойынша білім беру ұйымы қызметінің тиімділігін объективті талдау және өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу мақсатында:

1. 2024 жылдың 1 қарашасы мен 29 қараша аралығында Түркістан қаласы ЖШС «Жан-Нұр» балалар бақшасында өзін-өзі бағалау жүргізілсін.

2. Өзін-өзі бағалау бойынша комиссия құрамы бекітіліп, функционалдық міндеттерімен таныстырылсын.

3. Мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалау қорытындылары бойынша есептер 2024 жылдың желтоқсан айында ЖШС «Жан-Нұр» балалар бақшасының интернет сайтына <https://zhan-nur.bbaqsha.kz/> орналастырылсын.

4. 2024 жылдың желтоқсан айында білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтижелері Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне ұсынылсын.

Комиссия төрайымы: меңгеруші Ж.Искендерова

Комиссия төрайымының орынбасары: әдіскер Ж.Абдукадирова

Комиссия мүшелері:
Педагог-психолог: Г.Худайбергенова

Тәрбиеші: С.Өтебекова

Медбикес: А.Оспан

Шаруашылық бөлім меңгерушісі: Р.Сұлтанбек

Хатшы: Ж.Абдукадирова

(29.11.2024 кезектен тыс педагогикалық отырысының №3 хаттамасының)

Көшірмесі

Талқыланды:

ЖШС «Жан-Нұр» балалар бақшасы меңгерушісі Жамила Искендерова ханым Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы, Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2025 жылға арналған Білім беру мекемелерінің мемлекеттік аттестаттаудан өткізу жоспары негізінде өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсыныстарын басшылыққа ала отырып, «ЖШС «Жан-Нұр» балалар бақшасының» өзін-өзі бағалауын өткізді. Комиссия кезектен тыс өткізілген педагогикалық кеңес отырысының шешімімен сайланған және бұйрықпен төмендегідей құрамды бекіту талқыланды.

Комиссия төрайымы: Балабақша меңгерушісі Ж.Искендерова;

Комиссия төрайымының орынбасары: Балабақша әдіскері Ж.Абдукадирова;

Комиссия мүшелері:

ЖШС «Жан-Нұр» балабақша педагог-психолог: Г.Худайбергенова;

ЖШС «Жан-Нұр» балабақша тәрбиешісі: С.Өтебекова;

ЖШС «Жан-Нұр» балабақша медбикесі: А.Оспан;

Шаруашылық бөлім меңгерушісі: Р.Сұлтанбек;

Хатшы: Балабақша әдіскері Ж.Абдукадирова;

Білім беру ұйымдарының бағалау 1-қосымшасында көрсетілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының негізінде жұмыс жүргізілді. Алдыңғы 2022-2023, 2023-2024 және ағымдағы 2024-2025 оқу жылының кезеңдері қамтылды. Атап айтқанда оқыту мен тәрбиелеу нәтижелерін бағдарлай отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптарына, тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптары, оқу мерзіміне қойылатын талаптарға талдау жасалды. Бағалау өлшемшарттарына қосымшаларда келтірілген сандық және сапалық көрсеткіштер толтырылып, есеп жүргізілді.

Өзін-өзі бағалау қорытындысының анықтамасымен комиссия төрайымының орынбасары әдіскер Ж.Абдукадирова таныстырып шықты.

Кезектен-тыс педагогикалық кеңес шешімі:

Түркістан облысы, Түркістан қаласы ЖШС «Жан-Нұр» балалар бақшасының өзін-өзі бағалау қорытындысының құжат-материалдары «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментіге мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымы мемлекеттік аттестаттаудан өткізу ұсынылсын.

Комиссия төрайымы: меңгеруші Ж.Искендерова Ж.Искендерова

Комиссия төрайымының
орынбасары: әдіскер Ж.Абдукадирова Ж.Абдукадирова

Комиссия мүшелері:
Педагог-психолог: Г.Худайбергенова Г.Худайбергенова

Тәрбиеші: С.Өтебекова С.Өтебекова

Медбикес: А.Оспан А.Оспан

Шаруашылық бөлім меңгерушісі: Р.Сұлтанбек Р.Сұлтанбек

Хатшы: Ж.Абдукадирова Ж.Абдукадирова

Түркістан облысы, Түркістан қаласы жауапкершілігі шектеулі серіктестік «Жан-Нұр» балалар бақшасының өзіндік бағалау нәтижесінің қорытындысы

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

ЖШС «Жан-Нұр» балабақшада өзіндік бағалау 2024 жылы қараша айының 01-мен 29-ы аралығында өтті. Түркістан облысы, Түркістан қаласы Жауапкершілігі шектеулі серіктестік «Жан-Нұр» балалар бақшасы 2015 жылдан бастап жұмыс істейді.

Ғимарат түрі - 2 қабатты

Ғимарат ауқымы-6994

Жалпы ауданы -1520,6

Тұрғын ауданы – 1074,8

Жоба қуаттылығы – 150 орын.

Оқыту тілі – қазақша

Білім мекемесінің аттестациядан өтетін жылы - 2025 жыл. Қазіргі таңда балабақшада 6 топ жұмыс істейді. Барлығы бюджеттік есептегі топ. Тізім бойынша-150 бала тәрбиеленуде. Әр топ балалардың жас ерекшелігіне сәйкес топтастырылған.

Балабақшаның жұмыс уақыты: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма күндері - сағат 08:00-ден 18:30-ге дейін. Демалыс күндері: сенбі, жексенбі. Балалар үшін ән-күй, дене шынықтыру залы, медициналық кабинет, әдістемелік кабинет, психология кабинеті, жабық күрке алаңдары, ойын алаңдары, баланың жас ерекшелігіне, заман талабына сай жабдықталған топтар бар. Сондай-ақ асхана, тамақтану, кір жуатын, кір үтіктейтін бөлмелері жыл бойы қызмет көрсетеді. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 17.08.2017 жылғы №615 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық – эпидемиологиялық талаптар» бойынша санитарлық қағидалары мен нормаларына сәйкес, балабақша ауласында балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған серуен алаңдары бар. Педагогикалық ұжымы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына (2018 жылғы 31 қазандағы №604 ҚРҰҚ), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына) ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 маусымдағы №391 бұйрығына 1-қосымша), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы) сәйкес ұйымдастырылды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұны:

- өтпелі тақырыптар негізінде құрастырылған перспективалық жоспар:

- Апталық циклограмма:

- Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіледі (бастапқы қыркүйек айында)

Балабақшада халық педагогикасы элементтерін ұлттық тәрбие мен жүйелі түрде кеңінен пайдаланады. Халқымыздың ауыз әдебиетін, тұрмыс-тіршілігін, салт-

дәстүрін өндіре отырып, имандылық, әдептілік, елді, жерді сүю, ата-ананы сыйлау т.б халқымызға тән адамгершілікке тәрбиелеу барысында жұмыс жүргізіледі.

Балалардың ойлау қабілетін, шығармашылығын жан-жақты дамыту үшін психологиялық тренингтер, релаксация, жобалау, әңгімелесу әдістері қолданылады.

Оқу тәрбие жұмыстарында алгоритм кестесі, жеке және дербес жұмыстар, интерактивті оқыту шараларын пайдаланып отырамыз. Балалар үшін оқулықтар, дидактикалық құралдар жеткілікті. Дамытушы ойындар, дидактикалық, мазмұнды-рөлдік ойындары, қимылды, ұлттық ойындар арқылы балалардың қызығушылығын, шығармашылығын дамытамыз. Мектепке дейінгі ұйымда экологиялық микроклимат құру үшін көгалдандырылып, гүлді алаңқайлар, бұталар, отырғызылған.

Балабақшаның медициналық бөлмесі керекті жабдықтар- мен қамтамасыз етілген.

Қызмет көрсету сапасы жоғары дәрежеде. Балабақшада тазалық- гигиеналық тәртіп сақтау жолы өте жақсы жолға қойылған. Күн тәртібі және балалардың тамақтану барысы үнемі сақталған. Жұқпалы аурулардан сақтану, болдырмау шаралары және сауықтыру-шынықтыру жұмысы жоспарлы жүргізілуде. Емдік жұмыс-тары дәрігердің нұсқауымен жүргізіледі.

Балалармен оксалин майын мұрынға жағу, нәрлеу мен жеміс-жидек шырындарын беру үнемі жүргізіліп тұрады. Жыл бойы «С» витамині тағамға қосылып беріледі.

Балабақша медбикесі шынығу жұмыстары бойынша бақылау жүргізіп отырады. Ата-аналарға да пайдалы кеңестер беріп тұрады. Балабақша қызметкерлерін үнемі, уақытылы медициналық тексеруден өткізіп отырады.

Балалар балабақшаға төмендегі құжаттар бойынша қабылданады.

Балалардың жеке құжаттары:

1. Бала денсаулығының паспорты;
2. №027/е түрі;
3. №065/е түрі;
4. №052-2/у түрі;
5. Туу туралы куәлік
6. Ата- анасының жеке куәлігі
7. Ата-аналармен келісім шарты.
8. Ата-аналарының жұмыс орнынан анықтама (көп балалы, әскери қызметкерлер).

Балабақшадағы оқу тәрбие жұмысын жақсартуда педагогикалық кеңестер, семинарлар өткізіліп тұрады. Жас мамандармен кеңестерді жан-жақты қызықты өткізумен қатар заман талабына сай құнды пікірлер беріліп отырады. Педагогтармен әдістемелік жұмыстың әртүрлі формалары (кәсіби конкурстар, байқаулар, біліктілік көрмелер ұйымдастырылып тұрады. Оқу-іс әрекетінде мультимедия, бейнематериалдар қолданылады. Балабақша ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс істейді. Балабақша психологы жас ата-аналарға арналған әр түрлі іс-шаралар жүргізеді. Ата-аналармен бірігіп әртүрлі спорттық мерекелер, көрмелер, ұйымдастырылып тұрады. Жоғарғы топ тәрбиешілері «өзін-өзі тану» оқу қызметін өз топтарында өткізеді. Топтар заман талабына сай ақпараттық технологиялар мен, әдістемелік кітаптармен және ойыншықтармен жабдықталған.

Ата-аналармен, тәрбиешілермен, балалармен балабақша психологы жылдық жоспар бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп отырады. Балалармен психодиагностикалық ойындар, жаттығулар, тренингтер, мониторинг жүргізіліп тұрады. Ата-аналарға кеңестер беріліп отырады.

Балабақша қажетті мамандармен қамтылған. Қызметкерлерді жұмысқа қабылдарда төмендегідей құжаттарды талап етіледі.

Қызметкерлердің құжаттары:

1. Еңбек келісім шарты;
2. Еңбек кітапшасы;
3. Жеке тұлға қағазы;
4. Диплом көшірмесі (нотариалды куәландырылған);
5. Жеке куәлік көшірмесі;
6. Санитарлық кітапшасы;
7. Сотталмағаны туралы анықтама.
8. Дәрігерлік-әлеуметтік саулық наркологиялық орталықтан анықтама
9. Психикалық сауықтыру орталығынан анықтама
10. Зейнетақымен қамсызданумен келісім шарт (көшірме)
11. Мекен-жай туралы анықтама

Сондай-ақ балабақшада ата-аналармен мектепке дейінгі мекеме арасында төлемақыға байланысты келісім-шарт жасалынған. Келісім-шарттың мақсаты: Ата-аналармен «Жан-Нұр» балалар бақша арасындағы байланысты анықтайды және балаларды тәрбиелеу, оқыту, денсаулығын қадағалап отыруды реттейді.

ҚР Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жалпыға міндетті стандартын, «Мемлекеттік кәсіпорын туралы» Заңды және КМҚК Жарғысын басшылыққа ала отырып, бір жағынан «Жан-Нұр» балалар бақша меңгерушісі, екінші жағынан ата-ана осы келісім шартқа қол қояды.

Келісім-шарт төмендегідей бөлімдерді құрайды:

1. Жалпыға жағдай;
1. Келісім шарт мәні;
2. МДҰ құқықтары мен міндеттері;
3. Отбасының құқықтары мен міндеттері;
4. Төлемақы тәртібі мен мөлшері:

«Жан-Нұр» балалар бақша ұжымының жеке іс-топтамасында барлық қажетті құжаттар (жеке іс-қағазы фотосуретімен, өмірбаяны, диплом көшірмесі, еңбек шарты, біліктілік дәрежесінің куәлігі, жеке куәлігінің көшірмесі, дәрігерлік-әлеуметтік саулық наркологиялық орталықтан анықтама, психикалық сауықтыру орталығынан анықтама, зейнетақымен қамсызданумен келісім шарт (көшірме), мекен-жай туралы анықтама, зейнетақы қорымен түзілген шарт, біліктіліктерін көтеру курстарынан өту куәліктері) жинақталған. Тәрбиешілердің және қызметкерлердің жеке еңбек кітапшасы мен жеке іс-құжаттары сейфте сақталады. Балабақшаның барлық қызметкерлерімен әр уақытта техникалық қауіпсіздік жөнінде нұсқаулар өткізіліп, тиісті нұсқаулық журналдарына тіркеліп отырады. Балабақшаның қызметкерлері өздерінің лауазымдық міндеттерімен және мекеменің ішкі тәртіп ережелерімен таныстырылған. Педагог мамандарды тіркеп отыратын кітап және бұйрық кітабы бар. Бұйрық кітабы мемлекеттік қазақ тілінде жүргізіледі.

Құжаттарды тіркеу және қайтарып беру жұмыстары қатаң түрде жүргізіліп отырады. Мамандарды толықтыру, сапалық құрамының құжаттары мен сандық құрамына талдау жұмыстары жүргізілуде.

Мектепке дейінгі ұжым педагогикалық мамандармен толық қамтылған. Өзіндік бағалау барысында мекеменің ішкі тәртібінің іс-әрекеттерін анықтайтын құрылтайшы құжаттардың бар екендігі тексерілді.

«Жан-Нұр» балалар бақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің туралы ақпараттық анықтама

1	Мектепке дейінгі ұйымның атауы	«Жан-Нұр» балалар бақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
2	Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жерінің мекен-жайы)	Түркістан облысы, Түркістан қаласы, С.Марайым көшесі, №118 А.
3	Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, вебсайт)	+77027467887 zhannur.sadik.2015@mail.ru https://zhan-nur.bbaqsha.kz/
4	Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә. лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)	Искендерова Жамила Икрамовна «Жан-Нұр» балалар бақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің меңгерушісі болып 2015 жылғы 14 желтоқсанда тағайындалды.
5	Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі)	Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Заңды тұлға мемлекеттік тіркеуден 12.11.2015 жылы берілген. БСН 151140009940
6	Құрылған жылы	2015 жыл 14 желтоқсан
7	Типтік ғимарат	Екі қабатты типтік үлгіде
8	Топтар саны	6
9	Балаларды оқыту тілі	қазақ
10	Жұмыс аптасының ұзақтығы	5 күндік
11	Ауысым саны	1 ауысым

12	Жасына қарай топтар бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің ұзақтығы - минутпен	Ортаңғы топ – 15-20 минут Ересек топ – 20-25 минут МАД тобы – 25-30 минут
13	МДҰ-ның жобалық әлеуеті	150 балаға №Х.15.Х.KZ63VWF00157134 санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды берілген. Құжаттар көшірмесі қоса жолданды.

2. Кадрлық құрамын талдау

Сапалы білім мен тәрбие беру мектепке дейінгі мекеме жұмыстарының тиімділігі және даму көрсеткіштері. Оны жүзеге асыру үшін ең алдымен педагог мамандарының қызметі, дамуы. Сондықтан да, педагогикалық менеджмент негізінде құрылған басқару қызметінің басты бағыттарының бірі ретінде педагогтардың мәртебесін көтеру, олардың кәсіби шығармашылық деңгейлерін арттыруға деген мотивация тудыру, өзін-өзі жетілдіруге ынталандыру болып табылады. Басқару қызметінде педагогикалық менеджмент негіздемесінде педагогтардың мәртебесін көтеру ғана емес, мақсаты тұрақталып ынтымақтастықпен жасалынып, жететін жетістіктерге бағытталған.

Ұйымдастыру түрлерін жетілдіріп, бірлесе технологиялық шаралар мен ережелерді сақтай отырып, барлық педагогтарға қолайлы жағдайлармен қамтамасыз ету. Білім беру үрдісінің өнімділігін барынша арттырып, жаңа көзқарастардың тууына арналған жүйелі жұмыстардың арқасында балабақша ұжымында сапалық өзгерістерге қол жеткізілді. Тәрбие мен оқыту процесі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес жүргізіледі. Білім беру салаларында, оқу қызметінде көлемінің тепе-теңдігі сақталған. Бала құзіреттілігін қалыптастыру - білім беру іс-әрекетінің бағыты болып табылады. Мектепке дейінгі мекеме педагогтарының бірлескен іс-әрекеті балалардың дербестік даму кеңістігін, шығармашылығының басталуын қалыптастырады. Мектепке дейінгі мекеме педагогтарының ұжымды ынталандыру жүйесінде жеке өзіндік дамуы және дербестік шығармашылық әрекетіне бағытталған. Мұның өзі жаңа даму жүйесіндегі жеке тұлғаның дамуы және педагогикалық қызметінің жоғары сапалық көрсеткішін көрсетеді. Мектепке дейінгі мекеме тәрбиешілері мен педагог мамандар өзінің шеберлігін үнемі арттырып отырады. Әлсіз тұстарын жетілдіру үшін, озық көшінен қалмауды басты назарда ұстайды семинарлар, тренингтер, педагогикалық кеңестер, әдістемелік бас қосулар өткізіледі.

Қалалық білім беру жүйесі мамандарының біліктілігін көтеру және қайта даярлау институтында жоспарланған кестесіне сай курстық дайындықтардан өтеді. Бүгінгі педагог - кәсіби ізденуші, зерттеуші, өз бетінше шығармашыл, әдістемелік теориялық ойлау қабілеті жоғары, ерекше ынта-ықылас, серпінмен, қызығушылықпен, құлшыныспен, ұжыммен бірлескен әрекеттер құра алатын маман. Осыған орай педагог мамандар өз білімін жетілдіру мақсатында қалалық білім беру жүйесі мамандарының біліктілігін көтеру және қайта даярлау институтының ұйымдастырылған курстарынан өтуге арналған кестесі құрылған. Сонымен қатар, өз

бетімен білімін көтеру бағыты бойынша белсенді түрде жұмыс жүргізіледі. Алдыңғы қатарлы озық педагогикалық іс – тәжірибесін арттыруға жағдай жасалынған. Төменде педагогикалық ұжымның сапалық құрамындағы өзгерістер көрсеткішін келтіріп отырмыз. Мектепке дейінгі ұйымда штаттық кестеге байланысты қызметкерлер саны- 38, оның ішінде педагогтар саны – 11 әкімшілік және техникалық персонал – 27 Қазіргі уақытта қызметкерлер саны – 29, педагогтар саны – 6, әкімшілік және техникалық персонал – 23.

Педагогикалық мамандардың білім беру сипаттамасындағы өзгерістер

Оқу жылы	Педагог саны	Жоғары				Арнаулы орта			
		Мектепке дейінгі	%	Педагогикалық	%	Мектепке дейінгі	%	Педагогикалық	%
2022-2023	12	6	50%	4	33,4%	-	-	2	16,6%
2023-2024	11	7	63,6%	2	18,2%	-	-	2	18,2%
2024-2025	11	6	54,5%	5	45,5%	-	-	0	0%

Оқу жылдары	Жоғары білім	Арнаулы орта	Сырттай жоғары оқу орнында оқиды
2022-2023	10	2	-
2023-2024	9	2	-
2024-2025	11	-	-

Педагогикалық ұжымды басқара отырып, әрбір педагогтың жетістіктерін жүйелі бағалау, бүкіл ұжымның бағалай білуіне қол жеткізу үлкен маңызға ие.

Тәрбиешілер мен педагогтарды базалық білімі туралы мәлімет

Жылы	Білім беру ережесіне сәйкес келетін базалық білімі бар педагогтар	Білім беру ережесіне сәйкес келетін базалық білімі жоқ педагогтар
2022-2023	12	0
2023-2024	11	0
2024-2025	11	0

**Педагогтардың білім көрсеткіші
Педагогтар жайлы мәлімет**

Білім беру ұйымдарын
бағалау өлшемшарттарына
I-қосымша

Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер

**Түркістан қаласы «Жан-Нұр» балалар бақшасы жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі**

(білім беру ұйымының атауы) жағдай бойынша)

№	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Туған жылы	Жоғары және/немесе техникалық және кәсіптік, және/немесе орта білімнен кейінгі білімі, қайта даярлаудан өткен туралы мәлімет, мамандығы, диплом бойынша біліктілігі, бітірген жылы, бейіні бойынша соңғы 3 жылда кемінде 72 сағат көлемінде ұйымдарда және/немесе өндірісте тағылымдамадан өтуі (өнірістің, ұйымның атауы, оқу мерзімі)	Негізгі жұмыс орны (ұйымның мекен-жайы)	Оқытылатын пәндер бейіні бойынша практикалық жұмыс туралы мәлімет, жұмыс өтілі	Сотталмағандығы (сотталғандығы) туралы мәлімет*	Санаты, берілген күні, санат берілгені туралы бұйрықтың нөмірі* педагог - сарапшылар, педагог-зерттеушілер, педагог - шеберлер туралы мәлімет. Конкурстар мен жарыстардың жеңімпаздарын дайындаған педагогтер туралы мәліметтер	Медициналық тексеруден өткені туралы мәлімет (санитарлық кітаптың болуы) *	Магистр дәрежесі туралы мәлімет (мамандығы, берілген жылы) *
1	Искендерова Жамила Икрамовна	26.10. 1977	Қ.А.Яссауи атындағы ХҚТУ, мамандығы Экономика ғылымдарының Магистрі ЖООК – М № 0058929 02.07.2014ж Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті, Мамандығы: «Мектепке дейінгі оқыту және	«Жан-Нұр» балалар бақшасы	12	соттылығы туралы мәліметте р жоқ	II санат, 2019	+	+

			тәрбиелеу» ЖБ-Б №1206424 14.07.2017ж ҚРБЖҒМ «Өрлеу» 72 сағ. №0839287 30.04.2024ж ҚР ДББҰ ПШО 80 сағ. №081258 05.04.2024ж						
2	Абдукадирова Жәудір Асанқызы	19.12. 1993	Жоғары, Қ.А.Яссауи атындағы ХҚТУ, Мамандығы: «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» ЖБ-Б №0783443 11.07.2015ж ҚР ДББҰ ПШО 80 сағ. №081246 05.04.2024ж	«Жан- Нұр» балала р бақшас ы	8	соттылығ ы туралы мәліметте р жок	Санатыз	+	-
3	Худайбергенова Гульзада Абдихалиевна	05.09. 1963	Жоғары, Мемлекеттік қыздар педагогикалық институты, Мамандығы: «Педагогика психология» Тіркеу номері №301 04.07.1988ж Халықаралық білім академиясы 80 сағ. Тіркеу номері №005666 2024 ж	«Жан- Нұр» балала р бақшас ы	34	соттылығ ы туралы мәліметте р жок	Педагог- зерттеуші, 31.12.2021, Бұйрық 335	+	+
4	Сисенова Райхан Сериковна	24.08. 1985	Жоғары, Аймақтық әлеуметтік- инновациялық универмитегі, Мамандығы: «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу ЖБ-Б №1207043 07.07.2017ж	«Жан- Нұр» балала р бақшас ы	8	соттылығ ы туралы мәліметте р жок	Санатыз	+	-
5	Аширбекова Жанат Джарылкасыновна	01.12. 1979	Жоғары, Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Мамандығы: «Мектепке дейінгі	«Жан- Нұр» балала р бақшас ы	10	соттылығ ы туралы мәліметте р жок	Санатыз	+	-

			оқыту және тәрбиелеу ЖБ-Б №1323367 02.04. 2018ж ҚРБЖҒМ «Өрлеу» 72 сағ. №0730025 29.02.2024ж						
6	Калманова Улканым Кудайбергенона	25.06. 1990	Жоғары, Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті, Мамандығы: «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу ЖБ-Б №1603762 02.07. 2020ж	«Жан-Нұр» балалар бақшасы	8	соттылығ	Санатыз	+	-
7	Құрманова Ұлжан Балтабекқызы	08.09. 1994	Жоғары, Академик Ә.Қуатбеко атындағы Халықтар достығы университеті, Мамандығы: «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу ЖБ-Б №1478001 28.06. 2019ж	«Жан-Нұр» балалар бақшасы	1	ы туралы	Санатыз	+	-
8	Өтебекова Салтанат Сейсенбекқызы	10.01. 1994	Жоғары, "Kokshe" академиясы, Мамандығы: «Қазақ тілі мен әдебиеті» ЖБ-Б №0927703 03.07.2015ж Мем.Лицензия №0002808 «Маман» оқу - өндірістік орталығында «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» 808 сағ Тіркеу номері №40678 169.09.2024ж	«Жан-Нұр» балалар бақшасы	1	мәліметте	Санатыз	+	-
9	Ахметова Жанакул Абдиқаримовна	01.01. 1983	Жоғары, Шымкент университеті, Мамандығы: «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі»	«Жан-Нұр» балалар бақшасы	7	р жоқ	Санатыз	+	-

			BD №00012558724 30.05.2024ж Мем.Лицензия №0002808 «Маман» оқу - өндірістік орталығында «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» 808 сағ Тіркеу номері №40682 16.09.2024ж						
10	Исмаганбетова Турсункуль Досжановна	28.06. 1982	Жоғары, Қазақста н-Ресей университеті, Мамандығы: «Қазақ тілі мен әдебиеті» Тіркеу номері №1484 07.07.2005ж	«Жан- Нұр» балала р бақшас ы	8	соттылығ ы туралы мәліметте р жоқ	Санатыз	+	-
11	Мұхтарбек Айгерім Дүйсенханқызы	28.04. 1993	Жоғары, Қ. А. Яссауи атындағы ХҚТУ, Мамандығы: «Педагогика және психология» ЖБ-Б №0782790 19.06.2014ж Мем.Лицензия №0002808 «Маман» оқу - өндірістік орталығында «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» 808 сағ Тіркеу номері №40680 16.09.2024ж	«Жан- Нұр» балала р бақшас ы	4	соттылығ ы туралы мәліметте р жоқ	Санатыз	+	-

Педагогикалық ұжымның жас құрамына қарай талдауы

20-30 жасқа дейін	30-40 жасқа дейін	40-50 жасқа дейін	50-60 жасқа дейін
5	4	1	1

Біліктілік санаты бойынша педагогтар құрамы

Оқу жылы	Жоғары санаты		Бірінші санаты		Педагог-зерттеуші		Екінші санаты		Санатсыз	
	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
2022-2023	-	-	-	-	-	-	1	9%	10	90,9
2023-2024	-	-	-	-	1	9%	1	9%	9	81,8

Қайта даярлық курстарынан өтуі туралы мәлімет

Оқу жылы	Курстан өткендер саны		Оның ішінде			
	саны	пайызы	Тәрбиешілер		Мамандар	
			саны	пайызы	саны	пайызы
2024-2025	3	27,3%	3	27,3%	-	-

Педагогикалық ұжымның жылдық жұмыс көрсеткіші

Педагогикалық ұжымның қызметіндегі бұл бағыт көп салалы және педагогты шығармашылық еңбекке деген құштарлығын арттыру, ұжымның мәртебелік жағдайын арттыру үшін маңызды болып табылады. Алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибе кеңістігінің үлкеюін бірнеше аспектілерден көруге болады. Сонымен қатар бейімделген бағдарлама бойынша мектепалды даярлық тобының педагогтары жұмыс жүргізу кеңістігін жүзеге асыруда. Мектеп жасына дейінгі баланың жан-жақты дамуына әсер ететін, балабақша қабырғасында қолданылған педагогтардың заманауи талапқа сай, жаңа инновациялық технологиялармен еңбек етуі біздің жетістігіміз болып табылады.

3.Тәрбиеленушілер контингентін талдау

«Жан-Нұр» балабақшада Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, білім беру бағдарламалары, жылдық жоспар, мектепке дейінгі даму концепциясы, оқу әдістемелік құжаттар бар. Балабақша қызметінің маңызды түрінің бірі болып балаларды мектепке дайындау болып табылады. Осы бағыттағы мақсаттарға қол жеткізу және 5-6 жастағы балаларды мектепке дайындау процесіне жоғары дәрежеде қамту мақсатында жыл сайын мектепалды даярлық тобы жұмыс істейді.

Соңғы үш жылдағы балабақшаны бітіріп мектепке қабылданған балалар саны

Жылдар	Балабақша түлетері			
	Түлектер саны	Пайызы	Үлгерімі	Пайызы
2022-2023	25	16,6%	9,4	43,5%
2023-2024	25	16,6%	9,25	37%

Соңғы үш жылдағы балабақшадағы тәрбиеленген балалар саны

Жыл дар	Балабақшадағы балалар			Ұлтына қарай		
	Жалпы	Ұл	Қыз	Қазақ	Өзбек	Басқа

	саны			ҰЛТ		
2022-2023	150	82	68	150	0	0
2023-2024	150	88	62	150	0	0
2024-2025	150	81	69	150	0	0

2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында балабақша қызметкерлері балаларды оқыту мен тәрбиелеуде көптеген жетістіктерге жетті. Балалардың денсаулығын сақтау, тілдік коммуникативті, танымдылық, шығармашылық және әлеуметтік құзыреттілігінің дамуына, кешенді - сауықтыру шаралары және балаларды мектепалды сапалы даярлау бойынша жұмыс жасады.

4. Оқу-әдістемелік жұмысқа талдау

Мектепке дейінгі білім беру ұйымының жылдық жоспары, ұйымдастырылған іс - әрекеттері, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары мектепкедейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай жүргізіледі.

Оқу жылдары	Жылдық міндеттемелер
2022-2023	<ol style="list-style-type: none"> Туған өлкеге оның табиғатына деген қамқорлықты жетілдіре отырып, патриотты, қабілетті мектеп жасына дейінгі тұлғаны қалыптастыру. Балалардың шығармашылық беделін дәстүрден тыс қалыптасқан әдіс-тәсілдер арқылы дамыту.
2023-2024	<ol style="list-style-type: none"> Инновациялық технологиялар арқылы балалардың денсаулықтарын нығайту, түзету-дамыту жұмыстарында қолдану. Әр түрлі іс-әрекет арқылы дидактикалық ойындарды қолдану арқылы балалардың ауызекі сөйлеуін, сөздік қорларын, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуда педагогтардың жұмысын жетілдіру.

2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесі:

- перспективалық жоспар;
- циклограмма;
- бала дамуының мониторингі арқылы іске асырылады.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтер келесі қағидаларды назарда ұстады:

- ойын арқылы оқыту;
- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

Педагогтер іс-әрекеттерін басқару жұмысында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Оқу-ағарту министрлігі 2022 жылғы 14 қазанындағы №422 бұйрығы мен мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты (Оқу-ағарту министрлігі 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы) басшылыққа алып, төмендегідей негізгі міндеттерді пайдаланды:

1. Әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы, қауіпсіздік білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;

2. Балалардың өмірін қорғау және салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;

3. Тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;

4. Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;

5. Баланы мектепке оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мнмкіндіктер беру.

Ортаңғы топтан бастап мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту бойынша жұмыстар жүргізілді. Күн сайын балаларға кітаптарды оқып беру, балалардың оқылған, тыңдалған шығармалардан әсер алуына ықпал ету, балалардың жасына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттату, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету және оларға түсініктеме беру, балалардың ойларын тыңдау, балаларға қызықты кітаптарды таңдау, ол үшін топта немесе мектепке дейінгі ұйымда балаларға арналған кітаптардан, сондай-ақ балаларға арналған аудио шығармалардан кітап бұрышын ұйымдастырылды.

Балалардың өз бетінше, балалармен бірлесіп кітаптарды қарауына, тыңдалған шығармалардағы кейіпкерлердің әрекетін ойында қайталауға немесе ойдан кейіпкердің рөлін өзінше сомдауға және т.б. мүмкіндік берілді.

Әр топта кітап бұрышын ұйымдастыру жұмыстары үнемі жүргізіліп отырады:

-толықтыруға ата-аналарды тарту;

-ұйымдастырылған кітап бұрышын ата-аналардың балалармен бірге қолдануына жағдай жасалды.

Физикалық қасиеттерді дамыту балалармен салауатты өмір салтын ұйымдастыруда сауықтыру-шынықтыру шаралары негізінде жас ерекшеліктеріне сай балалардың ұйқыдан оянып, тұрғаннан кейін жасалатын көптеген жаттығулар түрлері жүргізіледі, атап айтқанда «Денсаулық нүктелері», «Орманға саяхат», «Майтабандылықтың алдын алу», «Сергектік жаттығулары», «Тыныс алу жаттығулары», «Салауатты өмір салтын» насихаттау және т.б.

Оқу жылының міндетіне орай сауықтыру-шынықтыру шаралары кешенді түрде жүргізіледі. Балаларды балабақшада және үйде салауатты өмір салтына баулу, тәрбиелеу. Дене тәрбиесін дамыту. Шынықтыру-сауықтыру шараларының жаңашыл түрлері іс-әрекеттерінде үнемі пайдаланылады. Жарық және гүл терапиясы, әуен терапиясы, жеке бас гигиенасы және сумен шынығу, тұзбен шынықтыру және т.б.

Сауықтыру шынықтыру шаралары негізінде жас ерекшеліктеріне сай балалардың ұйқыдан оянып, тұрғаннан кейін жасалатын көптеген жаттығулар түрлері жүргізіледі. Әрбір сауықтыру–шынықтыру шаралары уақытымен жүргізілді және де сауықтыру-шынықтыру шаралары бойынша жүргізілетін көптеген ойын–сауықтар, мерекелер, денсаулық күндері ата–аналармен бірге байланысты арттырудың бірден бір тиімді тәсілі болды.

Педагог кадрлармен «Спорттық іс-шаралар арқылы денсаулықты сақтау бойынша жұмысты жетілдіру», «Денсаулық сақтау технологиясының түрлері», «Сауықтыру – шынықтыру шараларын қолданудың түрлері мен әдіс - тәсілдері» тақырыпта семинар, тренингтер, «Сергіту сәттерін қолданудың бала денсаулығына ықпалы» кеңестер өтті.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша балалардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым - қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуда «Ертегілер еліне саяхат», «Мақтақыз бен мысық», атты тақырыпта қойылымдар өтті. Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен, балалар көркем әдебиетімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеу, шығарманы бірге оқу және айтып беру, талдау, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыруда мультфильмдер, аудио, видео, электронды сөйлейтін кітаптар мен дидактикалық материалдарды қолдану арқылы балалардың белсенді сөздік қорларын байыту, тілдік нормаларды, қарым – қатынас мәдениетін меңгертуде ойын түрінде ұйымдастырылған іс - әрекеттер оң нәтижесін берді.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым – қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын дамыту, қарапайым математикалық ұғымдарды, құрастыру іс-әрекетін меңгерту, креативті сыни ойлауды дамыту. «Балалардың танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту» бойынша мектепке дейінгі білім беру ұйымында тәрбиеленушілермен зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын дамытуда заттық–кеңістік дамытушы ортада «Шағын зертхана», «Сиқырлы әлем», «Біз зерттеушіміз» атты ойын түрінде эксперименттер, бақылаулар жүргізілді.

Шығармашылық зерттеу іс-әрекет дағдыларын дамыту бойынша күнделікті іс-әрекет дағдыларын меңгертуде, балалармен, педагогтермен, ата -аналармен бірлескен шығармашылық байқаулар мен көрмелер ұйымдастырылды.

Әлеуметтік - эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бойынша балалардың әлеуметтік – эмоционалды дағдыларын дамытуда:

- балалардың сезімдері мен эмоцияларын қабылдау, тану және қолдау;
- баланың және айналасындағы адамдармен сезімдерін сөзбен жеткізу;
- өзіне және айналасындағы адамдарға қамқорлық танытуға қолдау көрсету;
- балалармен мәнді өзара қарым - қатынас орнату;
- командада жұмыс істеу;
- балалардың түрлі іс - әрекетінде топтағы қарым - қатынасты, буллингтің алдын алу шараларын жүргізу және бастаманы, дербестікті қолдау;
- балалармен мазмұнды диалог жүргізу;

- еркін ойын кезінде балаларға пікірлерін айтуға мүмкіндік беруге тәрбиешілер мен педагог - мамандар педагогикалық психологиялық қолдау көрсетті.

Балабақша педагогтері ұйымдастырылған іс - әрекеттерді тартымды, қызықты әрі жүйелі ұйымдастыруда төмендегі жылдық міндетке сай инновациялық технологияларды қолданды:

- Денсаулық сақтау технологиясы
- Тәй-тәй технологиясы;
- Ойын технологиясы
- Жобалау, зерттеушілік технологиясы
- Триз технологиясы
- Сын тұрғысынан ойлау технологиясы
- Жүппен жұмыс
- Квест технологиясы
- Команда да жұмыс істеу технологиясы

Қорыта келгенде, аталған педагогикалық инновациялық технологияларды балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың қабылдау мүмкіндіктеріне сай пайдаланылады. Инновациялық технологиялар арқылы балалардың бойында сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру. Дұрыс қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу, «Квест» ойындарын қолдану арқылы балалардың танымдық, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру. Аталған міндеттерді орындау үшін балабақшада тәрбие мен оқытудың озық тәжірибелерін зерделей отырып, әрбір баланы жеке тұлға ретінде дамытудың тиімді жолдарын қарастыру жоспарға қойған.

Қорытынды: Ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде ойын технологиясын кеңінен қолданады.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысын іске асыру процесі орындалуда.

Үсыныс: Педагогтер шығармашылық ізденістерін, үнемі жетілдіріп отыру.

Педагогикалық кеңестер:

2024-2025 оқу жылдарында әдістемелік жұмысты басқару педагогикалық кеңес арқылы жүзеге асырылады. 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойы балабақша жұмысы келесі педагогикалық кеңестер бойынша әдістемелік жұмысты басқарды:

2022-2023 оқу жылындағы педагогикалық кеңестің тақырыптары:

№1 педагогикалық кеңес: «2022 - 2023 жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары»;

№2 педагогикалық кеңес: «Оқу жылының бірінші жарты жылдығына есеп беру»;

№3 педагогикалық кеңес: «Мектеп жасына дейінгі балалардың қоршаған ортаға қалыптастырудың тәрбиелік маңыздылығы»;

№4 педагогикалық кеңес: «Жылдық оқу іс-әрекетіне қорытынды есеп беру»;

2023-2024 оқу жылындағы педагогикалық кеңестің тақырыптары:

№1 педагогикалық кеңес: «2023 - 2024 жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары»;

№2 педагогикалық кеңес: «Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие берудің маңыздылығы»

№3 педагогикалық кеңес: «Оқу жылының бірінші жарты жылдығына есеп беру»;

№4 педагогикалық кеңес: «Жылдық оқу іс-әрекетіне қорытынды есеп беру»;

2024-2025 оқу жылында «Жан-Нұр» балалар бақшасында Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрінің «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға білім беру стандарттарын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарын бекіту туралы» Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығы және 2021-2022 оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулық хатты басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің мектепке дейінгі ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары 2018 жылы 30 қазандағы №595, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 жыл 12-тамыздағы №499 бұйрығын және «Қазақстан Республикасында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына сүйене отырып, әр топтың оқу жоспары дайындалды. Қазақстан Республикасының Денсаулық министрінің 2017 жылы 17-тамыздағы №615 бұйрығы «Мектепке дейінгі ұйымдары және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын басшылыққа ала отырып, балабақшаның оқу жоспары жасалынды.

Барлық жас топтарында үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық оқу жүктемесінің көлемі сақталған. Үлгілік оқу бағдарлама мазмұнының іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оларды жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары негізінде жүзеге асырылды.

Жылдық жүктеме сағаттары: «Еркетай», «Құлыншақ», «Балбөбек» (ортанғы топ) бөлімі бойынша:

Инварианттық бөлімі бойыншы «Қазақ тілі» - 37 сағат, «Денешынықтыру» - 111 сағат, «Музыка» - 72 сағатты құрады.

«Күншуақ» ересек тобы білім салалары бойынша: Инварианттық бөлімі бойыншы «Қазақ тілі» - 35 сағат, «Денешынықтыру» - 108 сағат, «Музыка» - 38 сағатты құрады.

«Толағай», «Айгөлек» мектепалды тобы білім салалары бойынша: инварианттық бөлімі бойынша «Сауат ашу» - 109 сағат, «Қазақ тілі» - 75 сағат, «Көркем әдебиет» - 72 сағат, «Математика» - 113 сағат, «Денешынықтыру» - 115 сағат, «Музыка» - 113 сағат, құрады. Вариативтік компоненті бойынша «Сөйлеуді дамыту» - 113 сағат, «Қоршаған ортамен таныстыру» - 74, «Сурет салу» - 35 сағатты құрады.

Педагогтердің жоспарлары мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту ұйымының қолданыстағы бағдарламасына сәйкес жасалған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес «Жан-Нұр» балалар бақшасы тәрбиеленушілеріне қазақ тілін оқыту арнайы іс-әрекеттер өткізіледі.

Ортаңғы топ (3 жастан бастап) – аптасына 1 сағат, ересек топ (4 жастан бастап) - аптасына 1 сағат, мектепалды тобы (5 жастан бастап) - аптасына 2 сағат.

Қазақ тілі іс-әрекеттері балалардың жас, психофизикалық ерекшеліктерін және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген бағдарламалық талаптарды ескере отырып жоспарланды. Педагог қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысы туралы мәліметтер берді. Балалар ұлттық мерекелермен, салт-дәстүрлермен, ұлттық тағамдармен, киімдермен, халық және әдеби ертегілердің кейіпкерлерімен таныстырды. Тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау. Балабақшада педагогикалық-психологиялық қызмет атқарады. Онда балаларға, ата-аналарға, педагогтерге психологиялық және коррекциялық көмек беру мәселелері шешіледі.

Педагог-психолог маманының жұмысы жылдық жоспардан басталады. Жылдық жоспар психологиялық қызмет бағыттарын қамти отырып жасалады.

Атап айтсақ диагностика, түзету-дамыту жұмыстары, ағарту, алдын алу жұмыстары да жүргізіледі.

